

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқу-әдістемелік кешені

ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ

**КЕДЕН, ҚАРЖЫ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ
КАФЕДРАСЫ**

**Экологиялық құқық пәні
бойынша семинар сабақтарын және студенттердің өзіндік
жұмыстарын жүргізуге арналған ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР**

АЛМАТЫ, 2025 ж.

Жалпы ережелер

6B04205 -Құқықтану мамандығы бойынша оқып жатқан студенттердің оқу нысанының бір түрі болып семинарлық сабақтар танылады. Ұсынылып жатқан жалпы ережелер тек қана ұсынушылық сипатқа ие.

Тәжірибелік сабақтар оқу үдерісінің қажетті элементі болып табылады. Тәжірибелік сабақтардың мақсаты - дәрістен алған білімді тереңдету, ұлғайту, кәсіби маңызды білім мен машықты қалыптастыру. Тәжірибелік сабақтар студенттерге заңи терминологияны меңгеруге, сөйлеу мәдениетін және кәсіби ойлау қабілетін дамытуға көмектесіп, оралымды екі жақты байланыстың құралы болып табылады.

Студенттер тәжірибелік сабақтарда нақты жағдайларға құқықтық нормаларды қолдану, нормативтік құжаттарды түсіндіру, көптеген құқықтық актілердің ішінен тиісті нормаларды таңдап алу машығына, өзінің даралығын, ойлаудербестігін, өз пікірін аяғына дейін ұстану қабілетіне ие болады.

Тәжірибелік сабақтардың құрылымы келесі элементтерді қамтиды: ұйымдастырушылық кезең (оқытушы студенттермен сәлемдесіп, журналда сабаққа келмеген студенттерді белгілейді, студенттердің

сабаққа дайындығын анықтап, сабақтың тақырыбы мен жоспарын жариялайды); материал бойынша студенттердің сұраққа жауабын тыңдайды; негізгі бөлім (теориялық сұрақтарды талдау және есептерді шығару); сабақты қорытындылау (оқытушы бүкіл топтың жұмысын бағалап,

бағаларды жариялап, түсінедіреді, нақты студенттердің жауаптарындағы жетістіктер мен жіберілген кемшіліктерді өкрсетіп, келесі сабаққа тапсырма береді).

Тәжірибелік сабақтардың негізгі бөлімі теориялық сұрақтарды есептерді шешумен оралымдыүйлестіруге арналуы керек, уақыттың елеулі бөлігі есептерді шешуге жіберіліп, 50 минут сабақ барысында теориялық сұрақтарды талдауға 10-15 минут қуыаттың жұмсалуды ұсынылады.

Теориялық сұрақтарды талдау әртүрлі: студенттердің

баяндамалары, есептерді шешу, теориялық семинар жүргізілуі мүмкін.

Оқытушы студенттерге баяндаманың қандай талаптарға сәйкес келуі қажет екендігін түсіндіруі қажет. Баяндаманың тақырыбын белгіліген соң, жұмыста пайдаланылған авторларды атап, баяндаманың жоспарын және баяндама бойынша тиісті сұрақтарды қайнар көздерге сілтеме, авторлардың пікірін келтіре отырып, мүмкіндігінше өз пікірін білдіре отырып жан - жақты түрде баяндау қажет.

Есептерді шешу, қойылған сұрақтарға толық жауап беру түрінде жазбаша нысанда студенттердің дәптерлерінде болуы қажет. Есепте берілген әрбір оқиға, жағдай олармен байланысты сұрақтарды заңи бағалауды талап етеді. Әр сұраққа заң нормаларына сілтеме жасай отырып, нақты жауап берілуі (иә, жоқ) керек. Студент тиісті норманы қалай қолданғанын, сәйкес жағдайларда ҚР

Жоғарғы сотының нормативтік қаулыларына (өзге құқықтық актілер), ғылыми түсіндірулерге сілтеме жасай отырып көрсетуі қажет.

Осы әдіснаманы меңгерген студент кәсіби міндеттерді тиімді шешуге байланысты тәжірибелік машыққа ие болады.

Семинар (лат. *seminarium*) жетекшінің тапсырмасы бойынша жекелеген сұрақтар, проблемаларды баяндама немесе бірігіп талқылау

түрінде

эл-Фараби атындағы ҚазҰУ Оқу-әдістемелік кешен

студенттердің өз бетінше зерделеуіне негізделген, оқу үдерісінің нысаны.

Тәжірибелік сабақтарға қарағанда семинар теориялық сипатқа ие және белгілі бір пәнде терең бағытталған. Семинар сабақтары студенттерді оқу - танымдық қызмет барысында дербестік танытуға бағыттай отырып, білімді нығайтуға көмектеседі. Семинар барысында қайнар көздермен, қосымша әдебиеттермен, құжаттармен жұмыс нәтижесінде алынған білім жүйеленеді, тереңдетіледі, қадағаланады. Семинар сабақтарының басты мақсаты студенттерді зерттелінетін салалардың ерекшелігіне қарай, теориялық білімді пайдалану дағдылары мен машықтарына ие болу мүмкіндігімен қамтамасыз ету.

Негізгі мақсаттық бағытына байланысты семинардың үш типін ажыратамыз:

белгілі бір оқу курсын терең зерттеуге арналған, осы курстың материалымен тақырыптық байланысты семинар;

әдіснамалық тұрғыдан маңызды курстың немесе белгілі

бір тақырыпты негізді түрде дайындауға арналған семинар;

арнайы семинарға ұласуы мүмкін, жекелеген өзекті мәселелерді ғылыми өңдеуге арналған зерттеу типіндегі семинар.

Арнайы семинар белгі ғалымның жетекшілігімен белгілі бір проблемаға байланысты жас зерттеушілердің қарым-қатынасының мектебін білдіреді. Тәжірибелі жетекші ғылыми шығармашылықтың ауа-райын қалыптастырып, студенттерді ұжымдық ойлау қызметіне бағдарлап, зерттеу жұмысының тиімді әдістерін пайдаланады. Қорытынды сабақта оқытушы студенттік ғылыми жұмыстарға толыққанды шолу жасап, қорытындылайды, қарастырылған проблемалардың әрі қарай зерттелу мүмкіндіктерін аша отырып, қызығушылық білдірген студенттердің осы проблемаларды зерттеуге қатысу мүмкіндіктерін түсіндіреді.

Семинар сабақтары дәріс сабақтарымен тығыз байланысты, дегенмен де семинардың оқу материалы дәріс материалы қайталамайды.

Оқытушының жетекшілік рөлі оқу жұмысын тиянақты жоспарлаудан, маңызды сұрақтарды семинарда талдауға бөліп шығарудан, дербес дайындалу үшін әдебиеттерді таңдаудан, талқылау үдерісіне басшылық жасаудан көрінеді.

Жүргізу әдісіне байланысты семинар келесі түрлерге бөлінеді.

Семинар-сұхбат семинар жоспарындағы барлық сұрақтар бойынша бүкіл студенттердің сабаққа дайындалуын білдіріп, тақырыпты белсенді талқылауға студенттердің елеулі бөлігінің тартылуын білдіреді. Оқытушының қысқаша

баяндамасынан кейін, жоспардағы нақты сұрақтар бойынша бірнеше студенттердің жан-жақты мәлімдемелері тыңдалып,

басқа студенттердің жауаптарымен толықтырылады, соңынан оқытушы қорытындылайды. Семинар-дискуссия, немесе семинар-диспут қандай да болмасын проблеманы ұжымдық талқылау және шешу үшін семинарға қатысушылардың диалогтық сөйлесу мүмкіндігін білдіреді. Талқылау үшін оқытылатын пәннің ең өзекті мәселелері таңдалынады. Дискуссияға қатысушылар өз ойларын нақты құруға, өз пікірлерін ұстап тұруға, сын пікірлерге дәлелді түрде қарсы тұруға үйренеді. Семинар сабақтарының ең тиімді нысаны қатысушылардың сәйкес орналасуы қағидасындағы

«дөңгелек үстел». Осыған байланысты диалог арқылы дискуссия тақырыбын бірігіп өрбіту үшін, студенттерді қарым-қатынас, өзара әрекет мәдениетіне үйрету қажет.

Семинардың аралас нысаны баяндамаларды нақтылау, қатысушылардың еркін сөйлеуі, жоспарланған дискуссиялар түрінде өтеді.

Студенттердің семинарға дайындалуына педогогикалық жетекшілік ету оқытушының баяндамалардың жоспарын құруға көмектесуінен, әдеби қайнар көздерді конспектілеуге үйретуден, рефераттар мен баяндамалардың мәтінін дұрыс рәсімдеуге, өзіндік жұмыс барысында туындаған сұрақтарға байланысты кеңес беруден көрінеді.

СЕМИНАР САБАҚТАРЫНА ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР

Семинар сабағына ұсынылатын сұрақтардың көлемі тақырыптың толық мазмұнын қамтымайды. Сондықтан, студент семинар барысында өзінің білімін әрі қарай кеңейтуі және тереңдетуі керек. Соған байланысты, тақырып мазмұнын ашып қарастыру үшін семинарға қосымша сұрақтар, жаттығулар және т.б. беріледі. Семинар сабағына ұсынылатын сұрақтардың көлемі тақырыптың толық мазмұнын қамтымайды. Сондықтан, студент семинар барысында өзінің білімін әрі қарай кеңейтуі және тереңдетуі керек. Соған байланысты, тақырып мазмұнын ашып қарастыру үшін семинарға қосымша сұрақтар, жаттығулар және т.б. беріледі.

1-тақырып. Мемлекеттің экологиялық функциясы. Қоршаған табиғи орта құқық объектісі ретінде.

Сабақтың мақсаты мен міндеті:

Студенттерге экологиялық құқықтың пәні, әдістері, қағидалары мен құқықтық қатынастарын түсіндіру.

Негізгі сұрақтар:

- Мемлекеттің экологиялық функциясы дегеніміз не?
- Экологиялық құқықтың түсінігі мен пәнін ашып көрсетіңіз.
- Экологиялық құқық әдістерінің түсінігі мен түрлерін атаңыз.
- Экологиялық құқықтың жалпы және арнайы қағидаларына сипаттама беріңіз.
- Экологиялық құқықтың жүйесі қандай бөлімдерден тұрады?
- Экологиялық құқықтың басқа құқық салаларымен ара қатынасы қандай?
- Экологиялық құқық қатынастарының түсінігін және мазмұнын ашып көрсетіңіз.
- Экологиялық қатынастардың түрлерін атаңыз.
- Экологиялық құқық қатынастарының субъектілері мен объектілеріне сипаттама беріңіз.
- Экологиялық құқық қатынастарының пайда болу, өзгертілу және тоқтатылу негіздері қандай?

Әдістемелік нұсқауы:

Сабаққа дайындалуды силлабуста ұсынылған негізгі және қосымша әдебиеттерді қарастырып оқудан бастау қажет.

Әдебиеттер:

1. Айгаринова Г.Т., Джангабулова А.К. *Экологиялық құқық*: оқулық. – Алматы, 2018.
2. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі. 2021 жылғы 2 қаңтар (өзгертулер мен толықтыруларымен).
3. Күлтелеев С.Т., Рахметов Е.Ш. *Экологиялық құқық*: оқу құралы. – Алматы: Норма-К, 2008.
4. Байдельдинов Д.Л. *Экологиялық құқық*: оқу құралы. – Алматы: Жеті Жарғы, 2005.
5. Күлтелеев С.Т. *Экологиялық құқық*: дәрістер курсы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011.

2-тақырып. Экологиялық құқықтың пайда болуы, өркендеуі және болашағы. Табиғат қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану туралы республикалық заңдылықтардың негізгі даму кезеңдері.

Сабақтың мақсаты мен міндеті:

Студенттерді экологиялық құқықтың қайнар көздерімен, олардың түрлері мен мазмұнымен таныстыру.

Негізгі сұрақтар:

- Экологиялық құқықтың дамуына сипаттама беріңіз.
- Қазақстан Республикасының табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау туралы заңдарының негізгі даму кезеңдерін атаңыз.
- Экологиялық құқықтың қайнар көздерінің түсінігі, ерекшеліктері және жіктелуі.
- Қазақстан Республикасының Конституциясына экологиялық құқықтық қайнар көзі ретінде сипаттама беріңіз.
- Табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау туралы жалпы және арнайы заңдарға сипаттама беріңіз.
- ҚР Экологиялық кодексі – жалпы сипаттамасы және экологиялық қатынастарды құқықтық реттеудегі оның маңызы.
- Үкіметтің экология-құқықтық актілері.
- Жергілікті өкілді және атқарушы органдардың экологиялық-құқықтық актілері.
- Экология және табиғат пайдалану жөніндегі халықаралық конвенциялар, мемлекетаралық келісімдер мен шарттар.

Әдістемелік нұсқауы:

Сабаққа дайындалуды силлабуста ұсынылған негізгі және қосымша әдебиеттерді қарастырып оқудан бастау қажет.

Әдебиеттер:

1. Айгаринова Г.Т., Джангабулова А.К. *Экологиялық құқық*: оқулық. – Алматы: Жеті Жарғы, 2019.
2. ҚР Конституциясы. 1995 ж. 30 тамыз.
3. ҚР Экологиялық кодексі. 2007 жылғы 9 қаңтар.
4. Байдельдинов Д.Л. *Экологиялық құқық*. – Алматы: Жеті Жарғы, 2005.
5. Төлеубекова Б.Х. *Халықаралық экологиялық құқық*. – Алматы: Жеті Жарғы, 2017.

3-тақырып. Табиғат объектілеріне мемлекеттік және жеке меншік құқығының түсінігі және жалпы сипаттамасы.

Сабақтың мақсаты мен міндеті:

Студенттерге табиғат объектілеріне меншік құқығының мазмұнын, субъектілері мен

объектілерін түсіндіру.

Негізгі сұрақтар:

- Табиғат объектілеріне меншік құқығының түсінігін ашып көрсетіңіз.
- Табиғат объектілеріне меншік құқығының субъектілерін атаңыз.
- Табиғат объектілеріне меншік құқығының мазмұнын ашып көрсетіңіз.
- Табиғат объектілеріне меншік құқығының пайда болу және тоқтату негіздерін атаңыз.

Әдістемелік нұсқауы:

Сабаққа дайындалуды силлабуста ұсынылған негізгі және қосымша әдебиеттерді қарастырып оқудан бастау қажет.

Әдебиеттер:

1. ҚР Конституциясы. 1995 ж.
2. ҚР Жер кодексі. 2003 ж.
3. ҚР Экологиялық кодексі. 2007 ж.
4. Байдельдинов Д.Л. *Экологиялық құқық*. – Алматы: Жеті Жарғы, 2005.
5. Күлтелеев С.Т. *Экологиялық құқық*. – Алматы: Қазақ университеті, 2011.

4-тақырып. Табиғат пайдалану құқығының түрлері, объектілері және субъектілері. Табиғатты жалпы және арнайы пайдалану.

Сабақтың мақсаты мен міндеті:

Студенттерді табиғат пайдалану құқығының түрлері, мазмұны және субъектілерімен таныстыру.

Негізгі сұрақтар:

- Табиғат пайдалану құқығының түсінігі, белгілері және мазмұны.
- Табиғат пайдалану құқығының түрлерін ашып көрсетіңіз.
- Табиғат пайдалану құқығының объектілері және субъектілері қандай?
- Табиғат пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттерін атаңыз.
- Арнайы табиғат пайдалану құқығының пайда болу, өзгеру және тоқтату шарттарын ашып көрсетіңіз.

Әдістемелік нұсқауы:

Сабаққа дайындалуды силлабуста ұсынылған негізгі және қосымша әдебиеттерді қарастырып оқудан бастау қажет.

Әдебиеттер:

1. ҚР Экологиялық кодексі. 2007 ж.
2. ҚР Жер кодексі. 2003 ж.
3. ҚР Су кодексі. 2003 ж.
4. ҚР Орман кодексі. 2003 ж.
5. ҚР Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы кодексі. 2017 ж.

5—6-тақырыптар. Табиғат пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік басқарудың түсінігі мен қызметі. Табиғи ресурстардың мемлекеттік есебі мен мемлекеттік кадастрлары.

Сабақтың мақсаты мен міндеті:

Студенттерге экологиялық қатынастарды мемлекеттік басқару, бақылау, лицензиялау және экологиялық сараптама тетіктерін үйрету.

Негізгі сұрақтар:

- Табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік реттеудің түсінігі, белгілері.
- Табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғауды басқаратын жалпы және арнайы органдар.
- Қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметті лицензиялау.
- Экологиялық нормалауды құқықтық реттеу және қоршаған ортаға әсердің жол беруге болатын шекті нормативтері.
- Экологиялық таңбалаудың құқықтық негіздері.
- Экологиялық сараптама: мақсаттары, міндеттері, түрлері.
- Экологиялық рұқсаттар – қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік басқарудың нысаны ретінде.
- Экологиялық сақтандыруды құқықтық реттеу.
- Экологиялық бақылаудың түрлері мен міндеттері.
- Қоршаған ортаны қорғаудың экономикалық әдістері.
- Табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шараларды жоспарлау мен қаржыландыру.
- Қоршаған ортаға келтірілген залалды экономикалық бағалау.
- Парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулері саласындағы мемлекеттік реттеу.
- Экологиялық мониторингті жүзеге асырудың тәртібі.
- Экологиялық аудиттің құқықтық жағдайы.
- Экологиялық білім беру мен ағарту ісінің құқықтық негіздері.

Әдістемелік нұсқауы:

Сабаққа дайындалуды силлабуста ұсынылған негізгі және қосымша әдебиеттерді қарастырып оқудан бастау қажет.

Әдебиеттер:

1. ҚР Экологиялық кодексі. 2007 ж.
2. ҚР Қоршаған ортаны қорғау туралы заңы.
3. ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі.
4. Байдельдинов Д.Л. *Экологиялық құқық*. – Алматы: Жеті Жарғы, 2005.
5. Күлтелеев С.Т. *Экологиялық құқық*. – Алматы: Қазақ университеті, 2011.

7-тақырып. Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің қоршаған ортаны қорғаудағы орны

Сабақтың мақсаты мен міндеті:

Студенттерді экологиялық қауіпсіздіктің мәні, мазмұны және оны қамтамасыз ету тетіктерімен таныстыру.

Негізгі сұрақтар:

- Экологиялық қауіпсіздік дегеніміз не? Ұлттық қауіпсіздік пен экологиялық қауіпсіздіктің ара қатынасы қандай?
- Экологиялық қауіпсіздіктің мақсаты мен міндеттерін атаңыз.
- ҚР экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде халықаралық-құқықтық актілердің рөлі қандай?

- Қазақстан Республикасындағы экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шараларды атаңыз.
- Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік органдардың құзыреті қандай?
- Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде қоғамдық бірлестіктердің рөлі қандай?
- Төтенше экологиялық жағдай және экологиялық зілзала аймақтарының құқықтық жағдайын ашып көрсетіңіз.

Әдістемелік нұсқауы:

Сабаққа дайындалуды силлабуста ұсынылған негізгі және қосымша әдебиеттерді қарастырып оқудан бастау қажет.

Әдебиеттер:

1. ҚР Экологиялық кодексі. 2007 ж.
2. ҚР «Азаматтардың радиациялық қауіпсіздігі туралы» Заңы.
3. ҚР «Төтенше жағдайлар туралы» Заңы.
4. Байдельдинов Д.Л. *Экологиялық құқық*. – Алматы: Жеті Жарғы, 2005.
5. Күлтелеев С.Т. *Экологиялық құқық*. – Алматы: Қазақ университеті, 2011.

8-9 тақырып. Табиғат пайдалану мен қоршаған ортаны қорғаудың экономикалық тетігінің түсінігі мен құрамдас элементтері. Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін құқықтық жауапкершіліктің жалпы сипаттамасы. Экологиялық құқық бұзушылықтың түсінігі мен құрылымы.

Сабақтың мақсаты мен міндеті:

Студенттерді экологиялық құқық бұзушылық және оның түрлеріне байланысты құқықтық жауапкершілікпен таныстыру.

Негізгі сұрақтар:

- Табиғат пайдалану мен қоршаған ортаны қорғаудың экономикалық тетігінің түсінігі мен құрамдас элементтері.
- Экологиялық рұқсаттар
- Экологиялық сақтандыру
- Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін құқықтық жауапкершіліктің жалпы сипаттамасы.
- Экологиялық құқық бұзушылықтың түсінігі мен құрылымы.
- Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін құқықтық жауапкершіліктің түрлері.
- Экологиялық қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілік.
- Экологиялық құқық бұзушылық үшін әкімшілік жауапкершілік.
- Экологиялық құқық бұзушылық үшін тәртіптік жауапкершілік.
- Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің түсінігі және түрлері.
- Экологиялық зиянның түсінігі мен түрлері.
- Табиғи ресурстарға келтірілген зиянды өтеудің тәртібі.
- Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін басқа экологиялық жауапкершіліктің түрлері.
- Табиғат пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау туралы дауларды қарау және шешу тәртібі.

Әдістемелік нұсқауы:

Сабаққа дайындалуды силлабуста ұсынылған негізгі және қосымша әдебиеттерді қарастырып оқудан бастау қажет.

Әдебиеттер:

1. ҚР Қылмыстық кодексі. 2014 ж.
2. ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі. 2014 ж.
3. ҚР Экологиялық кодексі. 2007 ж.
4. Байдельдинов Д.Л. *Экологиялық құқық*. – Алматы: Жеті Жарғы, 2005.
5. Күлтелеев С.Т. *Экологиялық құқық*. – Алматы: Қазақ университеті, 2011.

10-тақырып. Жерді қорғаудың мақсаттары мен міндеттері. Жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылау.

Сабақтың мақсаты мен міндеті:

Студенттерге жер ресурстарын қорғаудың құқықтық негіздері мен мемлекеттік реттеу тетіктерін түсіндіру.

Негізгі сұрақтар:

- Жер ресурстарының жалпы сипаттамасы.
- Жер қорының түсінігі және оның жекелеген санаттарының құқықтық режимі.
- Жерді қорғаудың мақсаттары мен міндеттері.
- Жерді сақтап қояудың құқықтық негіздері.
- Жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылау.
- Жерге орналастыру – жерді қорғауда алдын алу шарасы ретінде.
- Мемлекеттік жер кадастрының жерді қорғаудағы рөлі.
- Жер мониторингін жүргізуді құқықтық реттеу.
- Жерді пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар.

Әдістемелік нұсқауы:

Сабаққа дайындалуды силлабуста ұсынылған негізгі және қосымша әдебиеттерді қарастырып оқудан бастау қажет.

Әдебиеттер:

1. ҚР Жер кодексі. 2003 ж.
2. ҚР Экологиялық кодексі. 2007 ж.
3. Байдельдинов Д.Л. *Экологиялық құқық*. – Алматы: Жеті Жарғы, 2005.
4. Айгаринова Г.Т., Жангабулова А.К. *Экологиялық құқық*. – Алматы 2018.
5. Күлтелеев С.Т. *Экологиялық құқық*. – Алматы: Қазақ университеті, 2011.

11-тақырып. Жер қойнауының, пайдалы қазбалардың құқықтық жағдайының түсінігі мен жалпы сипаттамасы.

Сабақтың мақсаты мен міндеті:

Студенттерді жер қойнауы мен пайдалы қазбалардың құқықтық режимімен және оны қорғау тетіктерімен таныстыру.

Негізгі сұрақтар:

- Жер қойнауының, пайдалы қазбалардың құқықтық жағдайының түсінігі мен жалпы сипаттамасы.
- Жер қойнауы мен пайдалы қазбаларды ұтымды пайдалануды және қорғауды қамтамасыз ететін мемлекеттік-құқықтық механизм.
- ҚР мемлекеттік жер қойнауы қорының түсінігі мен құрамы.
- Жер қойнауына меншік құқығы және оны іске асыру нысандары.
- Жер қойнауын пайдалану және оны қорғау саласындағы мемлекеттік басқару мен бақылау.
- Жер қойнауын пайдалану құқығы және оның түрлері.
- Пайдалы қазбаларды есепке алу, оларды жіктеу.

- Пайдалы қазбалардың кен орындарының мемлекеттік кадастры.
- Жер қойнауына, жер қойнауын пайдаланушыларға келтірілген зиянды өтеу.
- Жер қойнауы туралы заңдарды бұзғаны үшін жауаптылық.

Әдістемелік нұсқауы:

Сабаққа дайындалуды силлабуста ұсынылған негізгі және қосымша әдебиеттерді қарастырып оқудан бастау қажет.

Әдебиеттер:

1. ҚР Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы кодексі. 2017 ж.
2. ҚР Экологиялық кодексі. 2007 ж.
3. Байдельдинов Д.Л. *Экологиялық құқық*. – Алматы: Жеті Жарғы, 2005.
4. Күлтелеев С.Т. *Экологиялық құқық*. – Алматы: Қазақ университеті, 2011.

12-тақырып. Қазақстан Республикасы су қорының түсінігі мен құрамы және оның жеке бөліктерінің құқықтық режимі.

Сабақтың мақсаты мен міндеті:

Студенттерді су қорының құқықтық режимімен, суды ұтымды пайдалану және қорғау шараларымен таныстыру.

Негізгі сұрақтар:

- Судың құқықтық режимінің түсінігі мен жалпы сипаттамасы.
- ҚР Су кодексі және суларды ұтымды пайдалану мен қорғауды қамтамасыз ететін басқа да заңдар.
- ҚР су заңдарының мақсаттары мен міндеттері.
- Су қорының түсінігі мен құрамы және оның жеке бөліктерінің құқықтық режимі.
- Суды ұтымды пайдалануды және қорғауды қамтамасыз ететін мемлекеттік-құқықтық механизмі.
- Су қорына меншік құқығы және оны жүзеге асыру нысандары.
- Суды пайдалану құқығы және оның түрлері.
- Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау және сараптама.
- Су объектілерін қорғау және судың зиянды әсеріне қарсы күресу.
- Су қорын пайдалану мен қорғауды реттеудің экономикалық тетігі.
- Су дауларын шешу тәртібі және су заңдарын бұзғаны үшін жауаптылық.
- Траншекаралық суларды пайдалану және қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастық.

Әдістемелік нұсқауы:

Сабаққа дайындалуды силлабуста ұсынылған негізгі және қосымша әдебиеттерді қарастырып оқудан бастау қажет.

Әдебиеттер:

1. ҚР Су кодексі. 2003 ж.
2. ҚР Экологиялық кодексі. 2007 ж.
3. Байдельдинов Д.Л. *Экологиялық құқық*. – Алматы: Жеті Жарғы, 2005.
4. Айгаринова Г.Т. *Экологиялық құқық*. – Алматы: Жеті Жарғы, 2019.
5. Күлтелеев С.Т. *Экологиялық құқық*. – Алматы: Қазақ университеті, 2011.

13-тақырып. Жануарлар дүниесін ұтымды пайдалану мен қорғауды қамтамасыз ететін мемлекеттік құқықтық механизмі.

Сабақтың мақсаты мен міндеті:

Студенттерге жануарлар дүниесінің құқықтық режимін, оны қорғаудың ұлттық және халықаралық-құқықтық негіздерін түсіндіру.

Негізгі сұрақтар:

- Жануарлар дүниесінің түсінігі мен құқықтық жағдайы.
- Жануарлар дүниесін қорғау заңдарының мақсаты мен міндеттері.
- Жануарлар дүниесіне меншік құқығы.
- Жануарлар дүниесін пайдалану құқығы және оның түрлері.
- Жануарлар дүниесін қорғау саласындағы мемлекеттік басқару.
- Жануарлар дүниесін қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастық.
- Жануарлар дүниесін қорғау заңдарын бұзғаны үшін жауаптылық.

Әдістемелік нұсқауы:

Сабаққа дайындалуды силлабуста ұсынылған негізгі және қосымша әдебиеттерді қарастырып оқудан бастау қажет.

Әдебиеттер:

1. ҚР «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Заңы.
2. ҚР Экологиялық кодексі. 2007 ж.
3. Байдельдинов Д.Л. *Экологиялық құқық*. – Алматы: Жеті Жарғы, 2005.
4. Айгаринова Г.Т., Джангабулова А.К. *Экологиялық құқық*. – Алматы: Жеті Жарғы, 2018.
5. Күлтелеев С.Т. *Экологиялық құқық*. – Алматы: Қазақ университеті, 2011.

14-тақырып. Ерекше қорғалатын табиғи объектілерінің түсінігі және құрамы. Қызыл Кітап және айналадағы табиғи ортаны қорғаудағы маңызы.

Сабақтың мақсаты мен міндеті:

Студенттерді ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың құқықтық режимімен және оларды қорғау шараларымен таныстыру.

Негізгі сұрақтар:

- Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың түсінігі мен түрлері.
- Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғаудың құқықтық режимі.
- Мемлекеттік ұлттық табиғи парктердің құқықтық жағдайы.
- Мемлекеттік табиғи қорықтардың құқықтық жағдайы.
- Мемлекеттік табиғи резерваттар мен қорықшалардың құқықтық жағдайы.
- Табиғат ескерткіштерінің құқықтық жағдайы.
- Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғау саласындағы халықаралық тәжірибе.
- Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық.

Әдістемелік нұсқауы:

Сабаққа дайындалуды силлабуста ұсынылған негізгі және қосымша әдебиеттерді қарастырып оқудан бастау қажет.

Әдебиеттер:

1. ҚР «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Заңы.
2. ҚР Экологиялық кодексі. 2007 ж.
3. Байдельдинов Д.Л. *Экологиялық құқық*. – Алматы: Жеті Жарғы, 2005.

15-тақырып. Қоршаған ортаны халықаралық-құқықтық қорғаудың түсінігі және жалпы сипаттамасы. Халықаралық табиғатты қорғау объектілері мен субъектілері.

Сабақтың мақсаты мен міндеті:

Студенттерді халықаралық экологиялық құқықтың қағидалары, конвенциялары және ұйымдарының рөлімен таныстыру.

Негізгі сұрақтар:

- Халықаралық экологиялық құқықтың түсінігі мен ерекшеліктері.
- Халықаралық экологиялық құқықтың негізгі қағидалары.
- Қоршаған ортаны қорғау саласындағы негізгі халықаралық конвенциялар.
- Қазақстан Республикасының халықаралық экологиялық шарттарға қосылуы.
- Халықаралық экологиялық ұйымдардың рөлі мен мәртебесі.
- Халықаралық экологиялық құқық нормаларының ұлттық заңнамаға әсері.
- Халықаралық экологиялық құқықты бұзғаны үшін жауаптылық.

Әдістемелік нұсқауы:

Сабаққа дайындалуды силлабуста ұсынылған негізгі және қосымша әдебиеттерді қарастырып оқудан бастау қажет.

Әдебиеттер:

1. Төлеубекова Б.Х. *Халықаралық экологиялық құқық*. – Алматы: Жеті Жарғы, 2017.
2. ҚР Экологиялық кодексі. 2007 ж.
3. United Nations Framework Convention on Climate Change (UNFCCC), 1992.
4. Kyoto Protocol to the UNFCCC, 1997.
5. Paris Agreement, 2015.
6. Sands P., Peel J. *Principles of International Environmental Law*. – Cambridge University Press, 2018.